

EKONOMIKA

ҚҰРЫЛЫС ҚАҒИДАСЫН САҚТАУДА
ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

4-бет

ÁLEÝMET

КЕЛІНГЕ
ҚАРАҒАН КҮН...

7-бет

ÁDEBIET

МАНДЕЛЬШТАМ –
МАҒЖАННЫҢ ДОСЫ

9-бет

DIDAR

ҚОЗЫҚҰЙРЫҚТЫҢ
КҮЛКІСІ


12-бет

Елбасы Кеңсесіне елеулі міндеттер жүктелді

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен кеңес өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің басшысы М.Қасымбеков, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі – Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының бірінші орынбасары А.Бисембаев, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің, сондай-ақ Тұңғыш Президент Қоры мен кітапханасының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері қатысты.

Жиын барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің қызметіне байланысты ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелердің аяқталғаны жөнінде баяндалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесіне



Сурет: Елбасының басшысы қызметімен алында

кадрларды іріктеу жұмыстарының нәтижелері туралы ақпарат ұсынылды.

Нұрсұлтан Назарбаев Тұңғыш Президент Кеңсесінің алдына қойылған міндеттердің уақтылы және тиімді орындалуын

қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

– Мен Тұңғыш Президент – Елбасының тиісті конституциялық заңмен реттелетін міндеттерін атқаруға кірістім. Сонымен қатар мен Қауіпсіздік Кеңесінің,

Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасымын, Nur Otan партиясына басшылық етуді жалғастыра беремін. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Осы қызметті қамтамасыз ету үшін Тұңғыш Президенттің Кеңесі құрылды.

Ұйымдастыру мәселелерінің барлығы шешілді. Енді бәріміз жүктелген міндеттерді орындауға кірісуіміз керек, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетті одан әрі дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттерді

сапалы шешу мақсатымен ведомстваралық өзара тиімді ықпалдастық орнатудың қажеттілігін айтты.

– Бүгінде Президент те, Үкімет те мен бекіткен бағдарламалық құжаттарда, Жолдауда қамтылған, сондай-ақ партия съезінде айтылған міндеттерді орындау бағытында жұмыс істеуде. Бәріміз Қазақстанның игілігі үшін, еліміздің тұрақтылығын, бірлігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл – бәрімізге ортақ міндет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті қоғамдық маңызы бар бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығына баса мән берді. Бұл ретте, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тұңғыш Президент Қорының талантты жастарға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған жобаларын іске асырудың өзектілігін атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша Елбасы бірқатар нақты тапсырма берді, деп хабарлады Тұңғыш Президент – Елбасының баспасөз қызметі.

Стратегиялық серіктестікке соны серпін

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге алғашқы сапары табысты өтті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен кеше Ресей Федерациясына сапармен барды. Бұл – Қ.Тоқаевтың Қазақстан Президенті лауазымына кіріскеннен кейінгі шетелге алғашқы сапары.

Еркежан АЙТҚАЗЫ,
«Egemen Qazaqstan» –
Мәскеуден (Ресей)

Елбасының рөлі ерекше аталды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті. Ресми кездесу рәсімінен кейін мемлекеттер басшылары шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті лауазымына кірісуіне байланысты құттықтағаны және жылы лебіз білдіргені үшін Владимир Путинге ризашылық білдіріп, өзінің алғашқы шетелдік сапарының Ресей Федерациясына жасалуының символдық мәнін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің қазіргі ықпалдастығы көпшілік үшін қарым-қатынас жасаудың жарқын үлгісі болып саналатынын айтты.

– Мемлекет басшысы ретінде мен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев саясатының сабақтастығын қамтамасыз етіп, Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты ынтымақтастықты жан-жақты әрі белсенді дамыту ісін жалғастыра беретін боламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі елдің экономикалық ынтымақтастығына, әсіресе энергетика, көлік, транзит, өнеркәсіп және ғарыш салалары мәселелеріне арнайы тоқталды.

– Ресей Қазақстанның сыртқы саудасындағы «нөмірі бірінші» әріптесі болып қала береді. Қазақстанның сауда айналымындағы оның меншікті үлесі 19 пайыз. Инвестициялық ынтымақтастық дәйекті дамуда. Елімізде Ресей капиталы қатысатын 9 мыңнан астам кәсіпорын өз жұмыстарын табысты атқаруда, – деді Мемлекет басшысы.

Ресей Федерациясының Президенті



Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы ретінде Ресейге алғашқы сапарының символдық мәнін атап өтіп, екі ел арасындағы байланыстардың жоғары деңгейде екенін айтты.

– Біздің қарым-қатынасымыздың деңгейін білесіз және өзіңіз де бұған көп еңбек сіңірдіңіз, әрине Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесі зор. Біздің жай әріптес қана емес, халықаралық ұйымдар аясында да, екіжақты байланыстар бойынша да жақын одақтас екеніміз сөзсіз.

Біздің қарым-қатынасымыз өте тиімді дамуда. Нақты әрі айқын нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Бұл халықтарымыздың тыныс-тіршілігінен көрініс тауып отыр. Сіздің бүгінгі сапарыңыз кен ауқымыдағы екіжақты одақтастық байланыстарымызды

нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін, – деді Владимир Путин.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары мәдени-гуманитарлық саладағы мемлекетаралық өзара ықпалдастық мәселелерін талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасты.

Байланыстар беки түседі

Журналистердің алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті ретінде Ресей Федерациясына жасаған алғашқы сапарының маңызына тоқталып, екі ел арасындағы қарым-қатынастардың ерекше сипатын атап өтті. – Ресей Федерациясының Президенті

Владимир Владимирович Путинге Мәскеуге ресми сапармен келуге шақырғаны үшін, сондай-ақ біздің ресейлік достарымызға жылы қонақжайлылығы мен қуанышты қабылдауы үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Сапар одақтастықты одан әрі дамытуға және Қазақстан мен Ресей халықтарының достық байланыстарын нығайтуға өзара ұмтылысты бейнелейді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қатысушыларға Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет басшысының өкілеттігін доғару шешімі туралы айтып берді және ол саяси даналықтың, Қазақстанның болашағы үшін жоғары жауапкершіліктің жарқын үлгісі болып табылатынын ерекше атап өтті.

– Біздің еліміз үшін бұл тарихи қадам бүкіл әлемдік қауымдастықта үлкен құрметке ие болды. Бүгінде Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл Қазақстан халқының кең танымы мен қолдауына ие. Ол Елбасы мәртебесінде Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы және Nur Otan партиясының төрағасы лауазымында өзінің көп қырлы қызметін жалғастыратын болады, – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ оның Президент ретіндегі қызметі Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының «алтын дәуірінде» басталғанын атап өтіп, Нұр-Сұлтан мен Мәскеудің жан-жақты диалогын нығайту және бұрын қол жеткізілген уағдаластықтардың сабақтастығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық бағыты жалғастыруға нақты ниет білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда мұнай-химия, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, автомобиль және темір жол, машина жасау саласында 100-ге жуық бірлескен жобаны іске асыратын ресейлік капиталдың қатысуымен 9 мыңнан астам кәсіпорын қызмет етіп жатқанын айтты.

Қазақстан Президенті Ресей тарапымен келіссөздердің мәні болған екі ел арасындағы өнеркәсіптік кооперация мен инвестициялық ынтымақтастық мәселелеріне жеке тоқталды.

– Осы бағыттағы жұмысқа бүгін тараптар қол қойған Қазақстан-Ресей өндірістік кооперациясы саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасы жаңа серпін береді. Оны жүзеге асыру тракторлар, автобустар, автомобильдер мен басқа да көлік құралдарының өндірісін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ елімізде қосымша жұмыс орындарын ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев географиялық орналасу ерекшеліктерін айта келіп, екі елдің көліктік-транзиттік әлеуетін тиімді пайдалануға тиіс маңызды бәсекелі артықшылық ретінде атап өтті.

– Ең маңызды көлік артерияларының бірі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралі болып табылады, ол Еуразияның Шығысы мен Батысын біздің елдеріміздің аумағы арқылы байланыстырады. Біз сондай-ақ шекара маңындағы өткізу пункттері жұмысының тиімділігін арттыру мәселелеріне де назар аудардық. Бұл біздің азаматтарымыздың шекара арқылы өтуін жеңілдетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ өңіраралық сауданы дамытуға ықпал етеді, – деді Қазақстан Президенті.

(Соңы 2-бетте)



Стратегиялық серіктестікке соны серпін

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге алғашқы сапары табысты өтті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұдан басқа, Мемлекет басшысы отын-энергетикалық сектордағы өзара іс-қимыл перспективаларына және екі елдің әскери-техникалық және ғарыш салаларындағы ынтымақтастығы, сондай-ақ Байқоңыр қаласын газландыру мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

Қазақстан мен Ресейдің туристік саладағы ынтымақтастығы туралы айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаев осы саладағы өсудің үлкен әлеуетіне және туристік, көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту, сондай-ақ қазақстандық және ресейлік курорттарды танымал ету қажеттігіне тоқталды.

Қазақстан Президенті сондай-ақ қатысушылардың назарын екіжақты мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне аударды.

— Келіссөздер барысында Қазақстанда қолданбалы ғылымның бірлескен оқу орнын ашу мәселесі талқыланды, қазақстандық әртістерді Санкт-Петербург Музыка үйінде оқыту және Қазақстанның Ұлттық мұражайында Эрмитаж күндерін өткізу мүмкіндігі қарастырылды, — деді Мемлекет басшысы.

Соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өткен келіссөздердің нәтижелеріне қанағаттанатынын және қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Ресейдің достыққа, сенімге, тату көршілік пен одақтастыққа негізделген ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Ресей Президенті Владимир Путин өзінің алғашқы шетелдік сапарын Ресей Федерациясына жасағаны үшін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

— Келіссөздер қазіргі Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірлескен жемісті жұмыс істеген жылдар ішінде қалыптасқан дәстүрлерге сәйкес толық сындарлы және іскерлік жағдайда өткенін атап өткім келеді, — деді Владимир Путин.

Ресей Президенті қабылданған бірлескен мәлімдемеде жан-жақты қамтитын Ресей-Қазақстан стратегиялық әріптестігін нығайтуға екіжақты көңіл бөлінгенін, сондай-ақ оны одан әрі дамыту бойынша маңызды және жауапты міндеттер қойылғанын атап өтті.

Айта кетейік, сапар қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің бірлескен мәлімдемесі.

2. Ресей-Қазақстан өндірістік кооперациясы саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасы.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау жөніндегі келісім.

4. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі арасындағы Кәсіпорындардың ғылыми-техникалық кооперациясы саласындағы екіжақты ынтымақтастық жоспары.

Президенттердің бірлескен мәлімдемесі

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті В.Путин бірлескен мәлімдеме жасады.

Ашық, достық және сындарлы жағдайда өткен келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары екіжақты қарым-қатынастардың негізгі мәселелерін, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберіндегі ынтымақтастықты, сондай-ақ өзара мүдделі өзекті өңірлік және



халықаралық проблемаларды мұқият талқылады.

Екі елдің саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс және әскери-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастығының тұрақты оң динамикасын қанағаттанушылықпен атап өтіп, 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартта, 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған Мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияда және де 2013 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық шартында негізі қаланған принциптер мен міндеттемелерге бұлжымас бейілділігін растай отырып, Қазақстан Республикасы Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті төмендегілер туралы мәлімдейді:

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өзара сенім, стратегиялық серіктестік және жан-жақты ынтымақтастық негізінде теңқұқылы және егемен мемлекеттер ретінде одақтастық қатынастарды және интеграциялық өзара ықпалдастықты дамыта отырып, бұл ретте мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті өзара құрметтеу, теңқұқылық және ішкі істерге араласпау, күш немесе күш қаупін қолданбау, мемлекеттердің аумақтық тұтастығы, шекара мызғымастығы, дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық міндеттемелерді адал орындау, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау принциптерін басшылыққа алады.

Қазақстан-Ресей қатынастары біздің елдеріміз халықтарының терең тарихи және рухани байланыстарына негізделген. Олар екі мемлекеттің ұлттық мүдделеріне сай келеді, олардың азаматтарының әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыру, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму, инновациялық технологияларды кеңінен енгізу базасындағы ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту, еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану, адам әлеуетін мейлінше толық ашу міндеттерін шешуге жәрдемдеседі. Бұл Қазақстан мен Ресейге жаһандану жағдайында өз ұстанымдарын барынша күшейтуге, Еуразия кеңістігінде және бүкіл әлемде қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың серпінді дамуы үшін нысаналы және ашық саяси диалогтың маңыздылығын мойындай отырып, президенттер жоғары, биік және басқа да деңгейлердегі сенімгерлік және сындарлы байланыстарды одан әрі кеңейтуді жақтайды.

Екі елдің өңіраралық және трансшекаралық ынтымақтастығының әлеуетін бағалай отырып, президенттер Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымдары мен Ресей Федерациясының субъектілері арасындағы көпқырлы экономикалық және гуманитарлық қатынастарды кеңейтуді, мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей байланыстарын дамыту мен нығайту үшін қажетті жағдайлар жасауды жақтайды.

Мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін Қазақстан мен Ресей арасындағы өңіраралық ынтымақтастық жөніндегі жыл сайынғы форумдар және

олардың екі елдің іскер топтарымен кездесулері екіжақты өзара ықпалдастықты жандандырудың пәрменді тетігі ретінде танылды. Кезекті ХVІ форумды 2019 жылдың соңында өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстан-Ресей өзара ықпалдастығын нығайтуға биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының арасындағы жүйе бойынша тұрақты іскерлік байланыстар жәрдемдеседі.

Тараптар «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының шеңберіндегі, соның ішінде «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін салудың бірлескен жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастығын жалғастырады.

Тараптар ЕАЭО әлеуетін тиімді пайдалануға қол жеткізуге ұмтылысты сипаттайтын ынтымақтастықтың қарышты дамуын атап өтеді, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың негізгі ережелері мен қағидадарын іске асыру маңыздылығын растайды.

Біздің елдеріміз, бірлескен білім беру және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қоса алғанда, білім беру және ғылыми ұйымдар арасындағы тікелей байланыстарды дамытуды көтермелеуге, ғылыми және педагог кадрлар даярлау саласында қолайлы жағдайлар жасауға, оқытушылар мен студенттермен алмасуды қарқынды түрде арттыруға ниетті.

Әрбір Тарап өз аумағында тұратын басқа Тараптың халықтарының этностық, тілдік, мәдени және діни ерекшеліктерін сақтау және дамыту үшін тығыз

ынтымақтастықты нығайту, Тараптардың заңнамасына сәйкес олардың өкілдерінің қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық өмірге белсенді қатысуына жағдайлар жасау ниеттерін растайды.

Қазақстан мен Ресей Тараптардың бірі мүше болып табылатын халықаралық ұйымдарға және режимдерге қатысу немесе қосылуға бір-біріне қолдау көрсете отырып, бейбітшілікті, халықаралық тұрақтылық пен өңірлік қауіпсіздікті нығайту ісінде өзара іс-қимыл жасасады, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және басқа да ұйымдар мен институттар алаңдарында үйлесімді жұмыс атқарады.

Нұр-Сұлтан мен Мәскеу терроризм мен экстремизмге, діни төзбеушіліктің, ксенофобияның, ұлтшылдықтың және неонацизмнің зорлық көріністеріне, трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа, қару-жарак, есірткі және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына, сондай-ақ басқа да жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы күрес мәселелерінде ортақ ұстаныммен шығады.

Қазақстан мен Ресей біздің одақтастық қатынастарымыздың, ең маңызды негізі болып табылатын ортақ тарихымызды, ең алдымен, Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын бұрмалау, қайта жазу және «қаралау» әрекеттерін қол көрмейді.

Саяси бағытта президенттер «Астана процесі» аясында халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағида-тары мен нормалары сөзсіз сақталуы жағдайында Сирия қақтығысын бейбіт реттеу жөніндегі күш-жігерлерді жалғастыруға шешім қабылдады.

Тараптар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы желісі бойынша ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен дағдарыстық жағдайларға ден қоюдың пәрменді жүйесін құруға бағытталған бірлескен шаралар қабылдайды.

Қазақстан мен Ресей президенттері екі мемлекет арасындағы одақтастық және стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдету, олардың тұрақты дамуы мен халықаралық аренадағы беделін арттыруға жәрдемдесу мақсатында қол жеткізген уағдаластықтарды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету ниетін растайды.

Мемлекеттер басшылары жемісті келіссөздер мен сапар барысында қол қойылған екіжақты құжаттар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы дәстүрлі достық, теңқұқылы қатынастардың, сондай-ақ екі ел халықтарының арасындағы бауырластық және тату көршілік байланыстардың қарышты дамуына жәрдемдесетінін атап көрсетті.



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды